


80
жыл



Құрметті Айдос Ағдарбекұлы!

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті ұжымы мен өз атымнан Сізді және М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің профессор-оқытушылар құрамын оқу орнының 80 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын.

М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің тарихы еліміздің тарихымен, мәдениетімен, білім беру ісімен тығыз байланысты. Қазақ КСР Халық комиссарлары Кеңесінің 1937 жылғы 19 наурыздағы қаулысымен алғаш Петропавл мұғалімдер институты болып құрылған солтүстік аймақтағы білім ордасы арадан өткен 80 жылда қилы-қилы кезеңдерді бастан өткеріп, 1994 жылы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті болып қайта құрылды және оған 2003 жылы академик Манаш Қозыбаевтың есімі берілді.

Бүгінде университеттің қол жеткізген жетістіктері бізге жақсы мәлім. Мұнда бакалавриаттың 47, – магистратураның 23, – PhD докторантурасының – 4 мамандығы бойынша мамандар даярланады. 15 мамандық бойынша қашықтықтан білім беру жүзеге асырылды. Студенттердің сандық құрамы - төрт мыңға жетіп отыр.

1988 жылы Болоньеде қабылданған "Magna Charta Universitatum" университеттер хартиясында қалыптастырылған іргелі ұстанымдарға сәйкес университет еуропалық жоғары білім беру стандарттары бойынша кадрлар даярлайтыны бізді қуантады.


Болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында Дублин дескрипторлары, білім деңгейлерінің біліктілік шеңберлері мен еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес университетте модулдік білім беру бағдарламалары жүзеге асырылуда. Олардың ерекшелігі жеке білім беру траекториясын құру, білім алушылардың жеке қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін есепке алу екенін біз жақсы білеміз.

Мемлекеттік тілде кадрлар даярлау, білім алушылар мен ПОҚ-тың шет тілдерін меңгеруі мәселелеріне ерекше көңіл бөлінеді. Жыл сайын көптілді білім беруді дамыту және лингвистикалық құзырет қалыптастыру мақсатында ПОҚ пен студенттер үшін тегін ағылшын және қазақ тілдерін қосымша оқыту курстары ұйымдастырылуда.

М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде дәстүрлі білім беру оқытудың жаңа үлгілерімен және әдістерімен, оның ішінде автоматтандырылған үйретуші жүйелерді, автоматтандырылған жобалаудың және реттеудің оқу-зерттеу жүйелерін, автоматтандырылған талдау және жобалау жүйелерін пайдалануға негізделетін ақпараттық технологиялармен үйлесетін университеттің жаңа моделі қалыптастырылған.

Құрметті Айдос Ағдарбекұлы! Университет ұжымына табыс, оқу орнының 80 жылдық мерекесіне арналған конференция жұмысына сәттілік тілеймін.

**Құрметпен, Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық
университетінің ректоры, профессор**



Т.Балықбаев